

10. Nesselhauf, N. *The Use of Collocations by Advanced Learners of English and Some Implications for Teaching*. *Applied Linguistics*, 2003 24(2), 223-242. doi:10.1093/applin/24.2.223

11. Vigliocco, G., Vinson, D. P., Druks, J., Barber, H., & Cappa, S. F. *Nouns and Verbs in the Brain: A Review of Behavioural, Electrophysiological, Neuropsychological and Imaging Studies*. *Neuroscience and Biobehavioral Reviews*, 2011 35(3), 407-426.

12. Wolter, B., & Gyllstad, H. *Frequency of Input and L2 Collocational Processing: A Comparison of Congruent and Incongruent Collocations*. *Studies in Second Language Acquisition*, 2013, 35(3), 451-482. <https://doi.org/10.1017/S0272263113000107>

13. Yamashita, J., & Jiang, N. *L1 Influence on the Acquisition of L2 Collocations: Japanese ESL Users and EFL Learners Acquiring English Collocations*. *TESOL Quarterly*, 2010 44(4), 647-668.

МРНТИ 16.01.11

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7804.06>

*Оразбаева Э.Б.,¹ Ордабекова Л.Х.²

^{1,2}Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

¹филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, elmiraorazbayeva@mail.ru,

²тарих және педагогика факультетінің 2 курс магистранты, lordabekova@bk.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТІЛ БІЛІМІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы және тілді оқытуда жанама еңбектер мен отандық ғалымдардың еңбектері жан-жақты қарастырылады. Қазақ тілін оқытудың мәселесін ұлы ағартушылар мен ғалымдар тереңдете зерттеп, тілді меңгерудің басты нысандарын айқындады. Қазақ тілінің әдістемесіне байланысты жарық көрген оқулықтар, еңбектер тіл білімінің барлық салаларын қамти келіп, қазақ тіл ғылымын теориялық, практикалық жағынан өрістетуге ықпал етті. Қазақ тілі саласын зерттеу тілді оқытуға қатысты ой-пікірлерді зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Мақалада қазақ тіл білімінің салаларын оқытуға байланысты аса көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектері мен тұжырымды ойлары қарастырылады. Тіл білімін оқытуға байланысты оқушының ойлау қабілетіне, білім мазмұнына, тақырыпты меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдеріне көңіл аударылады. Бастауыш сынып оқушыларының тіл меңгеру дағдысын дамыту мен қалыптастырудың мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, тіл білімі, оқыту, әдістеме, сабақ.

*Оразбаева Э.Б.¹, Ордабекова Л.Х.²

^{1,2}Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

¹кандидат филологических наук, старший преподаватель, elmiraorazbayeva@mail.ru

²Магистрант 2 курса факультета педагогики и истории, lordabekova@bk.ru

ПРОБЛЕМЫ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОЗНАНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Аннотация

В статье подробно рассматривается история методики преподавания казахского языка и косвенные труды по изучению языка и труды отечественных ученых. Вопросы преподавания казахского языка были углубленно изучены великими просветителями и учеными, определены основные формы владения языком. Опубликованные учебники, труды по методике казахского языка охватили все сферы языкознания и способствовали теоретическому и практическому развертыванию науки казахского языка. Изучение сферы казахского языка требует изучения мнений, касающихся преподавания языка. В статье рассматриваются труды и концептуальные соображения выдающихся ученых-корреспондентов аса, связанные с преподаванием отраслей казахского языкознания. В связи с обучением языкознанию уделяется внимание умению ученика, содержанию знаний, эффективным методам и приемам овладения предметом. Проводится анализ возможностей формирования и развития навыков владения языком младших школьников.

Ключевые слова: начальные классы, языкознание, обучение, методика, предмет.

**Orazbayeva E.B.¹, Ordabekova L.Kh.²*

Shymkent, Kazakhstan

^{1,2} South Kazakhstan State Pedagogical University,

Shymkent, Kazakhstan,

¹ Candidate of Philological Sciences, senior teacher, elmiraorazbayeva@mail.ru

² Master's degree student 2nd course Faculty of History and Pedagogy

PROBLEMS OF THE METHODOLOGY OF TEACHING LINGUISTICS IN PRIMARY CLASSES

Abstract

The article examines in detail the history of the methodology of teaching the Kazakh language and indirect works on the study of the language and the works of domestic scientists. The issues of teaching the Kazakh language were studied in depth by great educators and scientists, the main forms of language proficiency were determined. The published textbooks, works on the methodology of the Kazakh language covered all areas of linguistics and contributed to the theoretical and practical development of the science of the Kazakh language. Studying the sphere of the Kazakh language requires the study of opinions concerning language teaching. The article discusses the works and conceptual considerations of outstanding ACA corresponding scientists related to the teaching of branches of Kazakh linguistics. In connection with the teaching of linguistics, attention is paid to the student's ability, the content of knowledge, effective methods and techniques of mastering the subject. The analysis of the possibilities of formation and development of language skills of younger schoolchildren is carried out.

Keywords: beginner class, linguistics, educational, methodical, subject.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту; адамгершілік пен салауатты өмір салтының

берік негіздерін қалыптастыру; даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», - деп атап көрсетілген [1]. Сондықтан да бастауыш білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, білім беру арқылы оқушыларды жан-жақты дамыту мәселесі бүгінгі күнде өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «қазақ тілінің грамматикалық, лексика-фразеологиялық, оның ішінде терминологиялық және ономастикалық ресурстарын зерттеу, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, интернет-ресурстар, онлайн оқулықтар, ортологиялық және басқа да құралдар арқылы жаңа ғылыми-лингвистикалық білімді дәріптеу жөніндегі шараларды қолдау» көзделеді [2]. Аталған мақсатты жүзеге асырудың көзі тіл білімін оқытуды жаңаша тұрғыда зерттеуді қажет етеді.

Әдістеме. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерінің ішінде бірінші кезекте қазақ тілін латындандыру, ұлттық корпусын жасау, мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру, тілді оқыту процесін ынталандыру, тілге сұранысты арттыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу айқындалып отыр [2].

Осы бағдарламаға сәйкес қазақ тілінің қолданысын халықаралық дәрежеге жеткізіп, «ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіруге» нысанды түрде жұмыс жасау аса өзекті. Себебі, сандық технология өркендегендіктен, білім беру жүйесі де көп өзгерістерге ұшырады.

Нәтижелер. Көп жылдар бойы көрнекті ғалым-ұстаздардың, қоғам қайраткерлерінің, ағартушылардың тіл білімін оқыту мен оны меңгерудің ерекшелігіне, оның қоғамдағы орны мен әлеуметтік мәніне назар аударуы: ең алдымен, қазақ тілінің бүгінгі тез өзгермелі қоғамдағы орнына байланысты оның келешектегі рөлін айқындатса, екіншіден, тіл білімін оқыту мен оны меңгертудегі зерттеуші ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдау қажеттілігін көрсетеді.

Бастауыш сыныпта тіл білімін оқыту мен меңгерту жүйесіне теориялық талдау жасай отырып, бірқатар өзгерістер енгізу, оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, өмірде қолдана алу әрекеттерін қалыптастыру мұғалімнен айрықша дайындықты қажет етеді.

Қазақ тілі мәселелері мен оларды оқыту үлгілеріне ерекше көңіл бөліп, еңбек сіңірген тілші-ғалымдардың ең көрнектісі – Ахмет Байтұрсынов екенін барлығымыз білеміз. Ол бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесін жан-жақты зерттеуде елеулі орын қалдырып, оқулықтар жазумен, тіл мәселелері жөнінде өзіндік құнды пікірлер қалдыру арқылы ғылыми жаңалықтар ашқан ағартушы ғалым. Тіл біліміне қатысты мәселелерін қарастырған Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл — құрал» атты еңбектерінің маңыздылығы ерекше.

А.Байтұрсынов өзінің қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазған «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі — оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін беллеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін керек», - деп көрсетілген [3, 132].

Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл — құрал» атты еңбегінде оқу, жазу, тілдік әрекеттерге қатысты іргелі мәселелерді қозғай отырып, тілді үйретуге қатысты ұсынған тиімді тәсілдері мен қағидалары мыналар:

1. Тілдік материалды жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге қарай оқыту керек деген дидактикалық принципті өте тиянақты ұстаған, оны уағыздаған. Бұл яғни бүгінгі күндегі жаңартылған білім беру бағдарламасының спиральді қағидатпен берілу ерекшелігіне негізделген.

2. Кез келген тілді үйретуді «қарыптан», яғни әріптен, әліпбиден бастау қажет.
3. Тілді үйрету ана тілінің сөз, сөйлем жүйесін білгізумен қатар жүруі тиіс.
4. Тілді оқытуда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мысалдар, өлең-жыр, қызық әңгімелер маңызды орын алу қажет.
5. Тіл арқылы сауат ашуда суреттерге көп мән берілуі керек.
6. Оқушыларға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт.
7. Мәтіндер, көрнекілік, иллюстративтік материалдар, қазақ баласының, халықтың ұғымына таныс, жақын болуы тиімді.
8. Тілді оқытуда тілді ұстартуға, көркем сөзге де ден қойған дұрыс.
9. Тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдістерді меңгеріп қана қоймай, өзі қажет ететін әдісті тауып, пайдалана білу керек.
10. Мұғалім балаға білімді өз тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге қарай үнемі бағыт-бағдар сілтеп отыруы қажет [4, 58].

Ахмет Байтұрсыновтың «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында кіші мектеп жасындағы балаға ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.
- 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
- 3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады [5, 29].

Тұжырымдағанда, ағартушы білім алушыға дайын ақпаратты ұсынудан аулақ болып, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл тұжырымдарды тіл білімі оқулықтарын құрастыруда да, қысқа мерзімді жоспарды жасауда да басшылыққа алған жөн.

Педагог-ғалым Жүсіпбек Аймауытов «...әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн,- деп атай келе, балаға тілді дұрыс үйрету үшін мына қағидаларды есте сақтаған жөн деп есептейді:

1. Бала әуелі затты, нәрсені көру керек. Оны көрген бала сол зат туралы айтады, яғни сөйлейді. Сондықтан тыңдау, сөйлеу процесі алғашқы болады да, оқу, жазу кейінгі болуы қажет.
2. Баланың өз бетімен сөйлеуіне мүмкіндік беру керек. Сондықтан материал бала ұғымына сәйкес болып: өмір кітапқа қарай емес, кітаптар өмірге бейімделіп жазылсын.
3. Сөйлеу өмірдегі құбылыстарға жақын, жеңілден басталғаны жөн.
4. Баланың ой қабілеті мен өмірді ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты күшейте келіп, көбінесе ынталандыру қасиетіне ерекше мән берген дұрыс [6, 37].

Педагогтың пікірінше, тілді сапалы меңгеру үшін, баланың ынтасын жетілдіру – ең маңызды шарт. Ол ынталандыруға байланысты өз пікірін білдіреді:

1. Алдын ала дайындалған сұрақтар арқылы баланың ынтасын бұру;
2. Баланың ынтасын арттыратын, қызықты мағлұматтарды ғана алу;
3. Баланың ілтипатын қадағалап қоймай, мұғалімнің өзі де материалды бар ынтасымен үйрету;
4. Жаңа материалды баланың бұрыннан білетін материалдарымен ұштастыра білу;
5. Қажетсіз мағлұматтардан сақтану;
6. Оқыту барысында қолданылатын көрнекілікті күшейту;
7. Сабақ оқыту әдіс-тәсілдерін үнемі өзгертіп отыру.

Тілді үйрету мен меңгертудегі А.Байтұрсынов пен Ж.Аймауытовтың ұстанған қағидаларының маңызы зор екенін байқауға болады.

Қазақ тілін орыс мектебінде оқыту проблемасын Ш. Х. Сарыбаев 1933 ж. бастап, арнайы қарастырып, әр түрлі деңгейде тілді оқытудың мақсатын, мазмұнын анықтап, әдіс - тәсілдерін белгілеп, оқу материалын, сабақты ұйымдастырудың негізгі жолдарын анықтады. Қазақ тілінің әр саласын, оның тақырыптарын оқытудың нақтылы әдістемесін жасады.

Ғалым-тілші орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салып қана қоймай, оқытудың практикалық мәніне де назар аударды. Сол себепті өзінің сабақ оқытудағы іс-тәжірибесін бөлісе отырып, «Қазақ тілінің методикасының кейбір мәселелері» деген еңбегінде тілді оқытуда төмендегі қағидаларды ұсынады:[7, 73].

1. Сөйлеуге үйрету грамматиканы меңгерумен тығыз бірлікте жүргізілуі керек.

2. Автордың пікірінше, тілді оқытуда маңызды орын алатын мәселе – сөз. Сондықтан сөз нақтылы атаулардан басталып, тіркес, сөйлем құрамында алынуы қажет. Сөздің мағынасы түсінікті және есте жақсы сақталатындай болғаны жөн.

3. Оқушыға үйретілетін сөздер дұрыс сұрыпталған соң, басты көңіл бөлетін мәселе – сөздік қор. Тіл үйренушінің сөздік қоры үнемі жетіліп отыруы керек және жаттандылықтан алыс болуы қажет. Сөздік қор құр жаттанды сипат алмауы үшін нақтылы заттармен, өмірдегі құбылыстармен байланысты қолданылуы керек.

4. Тілді меңгерту оқушының есту, көру, сезіну, ойлау қабілеттерімен қатар жүргізілуі керек.

5. Оқытылатын тіл мен ана тілінің байланысын ескеру, олардың сәйкес материалдарын тауып, оларды тілді үйрету үшін жан-жақты пайдалану т.б.

Ғалымның бұл пікірі тілді оқыту саласындағы тілді игеру үшін қолданылып жүрген тиімді амалдар ретінде белгілі болып отыр.

Ш. Х.Сарыбаев өзінің «Қазақ тілінің методикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде «Бір сағаттық тіл сабағының өзін түрлі «бунақты » деп түсінсек, сол бунақтардың әрқайсысының методикасы өз тұсында орындалмаса, сабақ көңілдегідей болып шықпақ емес. Қысқасы, тілдік тақырыптың басынан аяғына шейін өн бойындағы методикасы сол тақырыппен байланысты түрде жазылмаса, жазылғанмен түгелденбесе, ондай еңбек нәтижелі болып табылмайды. Сондықтан методикалық еңбекті жазғанымызда белгілі бір тілдік тақырыптың түгелденуін де сол тақырыпқа байланысты методиканың да түгелденуін де көздедік; тілдік тақырыпты басынан аяғына шейін түгел меңгеру үшін, сол тақырыпқа керекті методиканың бәрін де қолданарлық түрде жаздық».

Яғни, ғалым тілді оқыту мен меңгерудің өзіндік жүйесі бар тіл сабағының нақтылы әдістемесін ұсынды.

Қандай болмасын тілді терең меңгерту үшін оқытудың тиімді әдістерін, ұтымды тәсілдерін білу қажет. Бұл проблемалардың барлығы Ф.Оразбаева «Тілді үйретудің коммуникативтік әдістемесі»; Н.Құрман «Қазақ тілін оқытуда теориялық ойлауды дамыту технологиясы»; С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаева «Бастауышта мәтінді меңгерту арқылы тіл дамыту әдістемесі»; Ж.Сүлейменова «Қазақ тілін оқытудың белсенді әдістер жүйесі» т.б. сол ғылымның әдістемесінде жан-жақты қарастырылады.

Р.Ә.Шаханова тілді оқыту мен меңгерудің негізгі құралы жаттығу екендігін айта келіп, «... оқыту сөзбен, сөйлеммен байланысты жүргізіледі, ад бұл мақсатқа жету тек тіл туралы берілетін білім арқылы ғана емес, сөйлеу әрекетіне бағытталған жаттығулар арқылы іске асады», - деп тұжырымдаған [8, 35].

Аталған мәселе жайында педагогика ғылымдарының докторы И.Нұғыманов: «оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады» - деп тұжырымдайды [9, 35].

Талқылау. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үдерісінде жаңа мазмұнды әдіс-тәсілдерді қолдану өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқыту әдістемесі ғылымын жаңа арналармен байланыстыру арқылы жаңарту, әдістеменің теориялық құндылығын

арттыру, сол арқылы тілді меңгерту, ойды дамыту үдерісін сапалы деңгейде, философиялық, логикалық, психологиялық, физиологиялық тағы басқа ілім мәліметтерімен де байытылуы керектігі теориялық тұрғыда негізделіп отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының тіл білімін оқыту мен меңгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда ынтаны, қызығушылықты ояту кезеңі: тақырып бойынша белгілі білімдерін еске түсіру, ойландыру; тақырыпқа деген қызығушылықты ояту; оқушылардың осы тақырыпты меңгеру бағытын анықтауы, оқу ынтасын оятуға байланысты проблемалық сұрақтардың қойылуы, қызықты тарихи маңызды мысалдардың келтірілуі, т.б.; екінші кезен, ой қозғау, түсіну кезеңі: оқушылардың белсенді ой еңбегіне қатысуы, тақырып көлемінде мәтіндермен түрлі жұмыс істеу әдістерінің болуы, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, мәтінге, білімге деген жағымды көзқарас қалыптастыру, оқушыларды өз беттерінше жұмыс істеуге, ізденуге үйрету; педагог тек сырттай бақылаушы, кеңесші, бағыттаушы болуы, сабақты жоспарлауда әртүрлі стратегиялардың пайдаланылуы, т.б.; үшінші, рефлексия, ой толғаныс кезеңі: бұрынғы білетін білімдерімен жаңа алған білімдерін салыстыру, тақырып көлеміндегі білімдерін жүйелеу, болашақта осы тақырыпты жетілдіру бағыттарын анықтау, оқушының тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергенін талдауы, өздік танымдық жұмысын бағалаулары, өзара баға берулері, кері байланыс карталарының сұрақтарына жауап берулері, қорытынды тұжырым жасау үшін қысқаша эссе жазулары, т.б.

Григг Расселл өзінің «Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау» атты еңбегінде оқушылардың тілдік, сауаттылық және қарым-қатынас деңгейін қалыптастыратын тиімді оқытуды былайша сипаттайды:

- оқушылардың жоғары белсенділігін қажет ететін күрделі тапсырмалар орындалуы;
- сыныпты икемді ұйымдастыру — сабақ мақсатына қарай жұппен, топпен, тұтас сыныппен жұмыс;
- оқушылардың қабілетіне сай тапсырмалар;
- қажетті сөйлеу әрекеттерін ұйымдастыру; [10, 447].

Тұжырымдағанда бастауыш сыныптың оқыту процесінде тіл білімін оқыту мен меңгеруде мұғалімнен үлкен жауапкершілікті қажет ететіндігі айқындалып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының тіл меңгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру педагогикалық-психологиялық тұрғыда тілдік қатынас арқылы олардың логикалық ойлау, даму мүмкіндіктерінің маңызы ерекше екендігі, тілдік қатынас адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты болатынын айқындадық, яғни бастауыш сыныпта тіл білімін оқыту барысында біріншіден, тұлғаның алған білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алуға үйрету; екіншіден, алған ақпаратты өздігінен алуға үйрету, өзіндік оқу әрекетіне бағдарлау; үшіншіден, жинақтау (трансформациялық), өзін-өзі бақылау және бағалау әрекеттері орындалатыны белгілі болды.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған жаңа мазмұндағы «Қазақ тілі» оқулығында тілді меңгерту мына аталған әрекеттер арқылы іске асырылатынын атап өтуге болады:

Диалогтік сөйлеуге бағытталған оқулықтағы тапсырмалар (сұрақ-жауап түріндегі диалог; бірлескен әрекетке шақыру түріндегі диалог; пікір алмасу түріндегі диалог);

Көпшілік алдында сөйлеуге бағытталған оқулықтағы тапсырмалар (берілген тақырыпқа хабарлама жасау; табиғатқа, сыртқы сипатына және т.б. сипаттама жасау);

Жазбаша қарым-қатынасқа түсуге бағытталған тапсырмалар (мақала, хабарлама жазу; қарапайым сауалнамаларға жауап беру; тірек сөз бойынша мәтін құрау);

Топтық қарым-қатынасқа түсуге бағытталған тапсырмалар (ортақ идея ұсыну, ынтымақтаса әрекет ету);

Бастауыш сынып оқушыларының тіл білімін оқыту үдерісі тікелей жазу мен оқуға байланысты. Яғни, ең алдымен сауат ашудан басталады.

Сауат ашу - мынадай функциялардан құралады:

- Артикуляциялық яғни, есту, сөйлеу, қабылдау;

- Фонетикалық сауаттылығы, әріп, буын, сөз, сөйлем құрау;
- Грамматикамен жұмыс, қатесіз жазу және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Пунктуациялық сауаттылық;
- Оқу, жүргізіп оқу, минутқа оқу, өздігінен оқу, кітап оқуға дағдыландыру;
- Ауызша сөйлеу, ойын еркін жеткізу, түсінік айту, өлең жаттау, сөздік қорын байыту;
- Мәтінмен жұмыс, мәтін құрау т.б.

Осы әрекеттерден соң біртіндеп тіл білімін оқытудың салалары спиральді қағидат негізінде жүйелі іске асырылып отырады, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады. Пән мазмұны сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) арқылы оқушылардың тілдік сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталғанына көз жеткізуге болады.

Қорытынды. Бастауыш мектеп жасындағы қазіргі бағдарлама мен оқулықтар оқушыларға өздігінен орындайтын жұмыстары кеңінен ұйымдастыруға мол мүмкіндік туғызады. Мұғалімдердің әр сабақта балаларға өздігінен жұмыс орындатып, олардың интеллектуалдық белсенділігін, еңбексүйгіштігін және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтіндей жұмыс жүргізуіне мүмкіндігі бар.

Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы тиіс. Оқушылар өз бетінше ізденуді, жұпта, топта жұмыс істеуді, сыни тұрғыдан ойлануды, тұжырым жасауды, сұрақ қоюды, қорытынды жасауды үйренеді. Өз жұмысын сыни тұрғыдан бағалауды, өзара бағалауды үйренеді. Сөйлеу, ойлау дағдыларын жетілдіреді, диалогке түседі. Оқушылар еркін сөйлеп, ойларын ашық айтуға, білімді өз бетімен меңгеруге дағдыланады.

Тұлғаның тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру арқылы жас ұрпаққа өзінің ана тіліне, ұлттық құндылықтарына деген қатынасы айқындалады және олардың бойындағы ұлттық рухты, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырумен қатар, олардың болашақта өмірлік бағыттарын айқындауға, қоғамнан өз орнын табуға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07. 2007 ж., № 319- III ҚРЗ. – Астана. Ақорда. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 - 348 бет.
5. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов: / Р. Сыздықова; Қазақ ССР "Білім" қоғамы. - Алматы: Қазақ ССР "Білім" қоғамы, 1990.
6. Оразбаева Ф.Ш. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005
7. Сарыбаев Ш. X Қазақ тілінің методикасының кейбір мәселелері.-Алматы, 1956 - I бөлім, 1959 - II бөлім.
8. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлім-дерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіз-дері: п.ғ.д. дисс... 13.00.02. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2001. –327 б.
9. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

10. Григг Расселл. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау, 2-ші басылым. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. — 600 с. — (Жаңа гуманитарлық білім Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

References:

1. *The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education". 27.07.2007, No. 319 - III SAM. - Astana. Akorda.*
2. *Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2019 No. 1045 "On approval of the State program for the implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020 - 2025" <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>*
3. *Baitursynov A. Til tagylymy. - Almaty: native language, 1992— - 448 p.*
4. *Akhmet Baitursynuly. Language is a tool. Almaty, Sardar Publishing House, 2009-348 P.*
5. *Syzdykova R. Akhmet Baitursynov: / R. Syzdykova; society "Bilim" of the Kazakh SSR. - Almaty: Society "Education" of the Kazakh SSR, 1990.*
6. *Orazbayeva F. Sh. Rakhmetova R. S. methods of teaching the Kazakh language: textbook. - Almaty: Print-S, 2005*
7. *Sarybaev Sh. X some problems of the methodology of the Kazakh language.- Almaty, 1956-Part I, 1959-Part II.*
8. *Shakhanova R. A. scientific and methodological foundations of teaching the Kazakh language in the specialty in the Russian departments of technical universities: Dis.: Candidate of pedagogical Sciences. 13.00.02. - Almaty: Alsu im. Abaya, 2001.-327 P.*
9. *Kazakh language. Encyclopedia. - Almaty: Ministry of Education, Culture and Health of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan Development Institute, 1998. - 509 p.*
10. *Grigg Russell. Primary school teacher: Honing skills, 2nd ed. - Almaty: National Translation Bureau, 2020. - 600 p. - (New humanitarian education 100 new textbooks in Kazakh).*

МРНТИ 122.22

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7804.07>

**Рахимжанова С.К.¹*

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан
магистр, r_san@mail.ru*

ТЫҢДАУ - АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ДЕҢГЕЙІН ЖАҚСARTУ ТӘСІЛІ

Аңдатпа

Қарым-қатынас кезінде тыңдау өте маңызды. Студенттердің көпшілігі ағылшын тілін үйрену кезінде есту қабілетін жақсарту қиынға соғады, өйткені ағылшын тілі ана тілі болып саналмайтын елде ағылшын тілінде сөйлеу ортасы жоқ. Алайда тыңдауды оқытудың қиындықтары қазіргі кезде тиімді тыңдауға ықпал ететін жаңа стратегиялардың арқасында жақсы түсініліп отыр, сонымен қатар технологияның кең қол жетімділігі тіл үйренушілерге тыңдау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Дегенмен, олардың тыңдау дағдыларын бағалау қазіргі кездегі тыңдауға деген көзқарастан әлдеқайда артта қалып отыр, соның салдарынан оқуды түзету немесе тыңдауға үйрету үшін жаңалық ашылуы керек. Шындығында, жаттығудың дұрыс әдісі студенттерге тыңдау дағдыларын жетілдіруге өте тиімді. Бұл мақалада студенттерге пайдалы болуы мүмкін бірнеше практикалық ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: тыңдау, оқу, дамыту, коммуникативті, шеберлік, түсіну, меңгеру